

● Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейінің «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция» 2017 (иллюстрацияланған)» атты профессор Нұрсан Әлімбайдың ғылыми жетекшілігімен жазылған ұжымдық ғылыми энциклопедиясы жарық көргеннен кейін қазақстандық қана емес, түркі елдері ғалымдары мен оқырмандарының сұранысына ие болды.



Мехмет-Дервиш КЛЮЧКАЯ
Хажетене университеті,
Ататүрік ғылыми-зерттеу институты
директоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Энциклопедияда тек қазақтың тарихи этнографиясына қатысты категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі ғана зерделенеді. Яғни мұнда қазақ этнология ғылымына қатысты терминдер, институттар, белгілі ғалымдардың шығармашылығы мен өмірбаяны сынды мәселелер қарастырылмайды. Бұл жайтты басылымның этноэнциклопедиялық форматтағы басқа зерттеулерден түбегейлі айырмашылығы ретінде қарастырған дәлім. Авторлар әуел баста-ақ саналы түрде ұстанған осындай тарихи-этнографиялық ұстаным оларға бар шығармашылық күш-жігерін, энергиясын қазақтың ежелгі тіршілігіне қатысты мәселелерді «инвентаризациялауға» да, оларды ғылыми-энциклопедиялық форматта жүйелі әрі дәйекті зерделеуге де мүмкіндік берді. Әлбетте қазақ этнографиясындағы бұрыннан белгілі азды-көпті зерттелген тақырыптардан басқа, қалып келген мәселелердің де бар-жоғын осылай түгендеу, ең алдымен, авторлардың аталмыш мәселелерді тиісті дәстүрлі категориялар, ұғымдар мен атаулар арқылы «қуалап» іздестірудің және зерделеудің арқасында мүмкін болды. Әлемдік әлеуметтік-мәдени антропологияда когнитивтік тәсіл деп аталатын бұл ұстанымның методологиялық айрықша тиімділігі де осында. Өңгіме қарастырылып отырған энциклопедияда дәстүрлі қазақы ортадағы кез келген үрдіс, құбылыс, қоршаған ортаның, адами қаракеттің табиғаты, болмыс-бітімі, объектілері мен субъектілерінің әрқайсысына қатысты орныққан тиісті категория, ұғым немесе атау арқылы зерделенгендігіне болып отыр.

Осы тұста аталмыш терминдердің неліктен жүйе құрайтындығы жөнінде заңды сұрақ туындайды. Басылымның кіріспе бөлімінде айғақты айтылғандай, «...социумның салалары өзара қаншалықты байланыста болса, олардың когнитивтік проекциясы — этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар да соншалықты өзара байланыста болады». Осы ретте еуропалық елдердің және АҚШ-тың ғылыми кеңестігінде бұрыннан жасап келе жатқан когнитивтік антропологияда аталмыш терминдерді когнитивтік бірліктер, менталдық модустар немесе универсалий деп атау қалыптасқандығын айта кетудің артықшылығы жоқ. Осы ретте энциклопедиядағы әрбір ұғымның концепт ретінде қарастырылғандығын ерекше атау керек. Мұндай түсінік беру қарастырылып отырған энциклопедия-

«Майлау» макалаларындағы «Айғырдың жалын майлау» атты мақалаға (және басқа да макалаларға) жасалған сілтемелер де өз кезегінде осы мақаланың алғашқы үш макаланың әрқайсысының мәнін ашатын маңызына байланысты жасалып отыр. Мұндай категориялық-концептілік ұстаным авторларға көшпелі қоғамдағы жылқы малының шаруашылық-мәдени, ғұрыптық, тіпті институционалдық маңызын тарқатып (дәлелді) негіздеуге мүмкіндік берді.

Энциклопедиядағы макалалардың өзара семантикалық байланыс тұрғысынан қарастырылуы оқырмандардың (әсіресе, ғалымдардың) әрбір тақырыпты (ұғымды) терең түсінуі үшін, жоғарыда айтылғандай, оның басқа тиісті макалалармен мағыналық байланысын ескеруінің аса маңызды екендігін көрсетеді. Әрі оқырман белгілі бір мәселеге байланысты мақаладағы сілтемелер

«тағам», «албасты», «асырап алу», «ойын-сауық», «мурат», «ою-өрнек» және т.б. сияқты).

Сонғы үшінші топқа жататын макалаларда адамның физиологиялық немесе рухани сұранысы хәм тұтынуына байланысты сан алуан қаракеттердің, сондай-ақ дүниетанымының объектілерін білдіретін атаулар этнографиялық және халықтық білім тұрғысынан талданады (мысалы, «аша», «айыр», «жусан», «соқа», «домбыра», «қобыз», «тау», «ағаш», «жел», «жұлдыз», «жетіқарақшы», «асықты жілік», «қымыз» сияқты көптеген макалалар). Бірінші топтағы мақалалардың көпшілігі өзінің категориялық және ұғымдық деңгейіне сәйкес ауқымдылығымен және концептуалдық мазмұндылығымен ерекшеленеді. Мысал ретінде, «жүз», «ру», «қазақ», «Қазақстан», «әдет-ғұрыптық құқық»/«әдеттік құқық» және жоғарыда ішінара аталған «жылқы», «жайылым» сияқты тағы басқа да осы құралыптас күрделі тақырыпқа арналған көптеген макалаларды атауға болады. Осы ретте, энциклопедиядағы, әсіресе, «ру» деп аталатын көлемді мақаланың (5-том, 49-58 б.) концепциясы мен дәлелдеу жүйесі ден қойдырады (авторы Нұрсан Әлімбай). Ең алдымен, автор «ру» терминінің қазақтың көшпелі қоғамындағы әртүрлі таксон-бірлестіктерге бірдей қолданыла

ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНЫҢ



ның ғылыми-танымдық өрісін мейлінше дұрыс аңғаруға көмектеседі.

Қажетті мәліметтерді осындай когнитологиялық ұстаным (яғни ұғымдық-концептілік) тұрғысынан қарастыру авторларға мәселелердің әрқайсысын жеке-жеке жіктеп жүйелі зерттеуге мүмкіндік берді. Дәстүрлі қазақы ортада ерекше қастерленген «жылқы» малы және осы ұғыммен тікелей байланысты «Айғыр», «Айғыр қою», «Айғырдың жалын майлау», «Айғырдың кекіліне тоқпақ (тас) байлау» сияқты ғұрыптық терминдердің әрқайсысының жеке зерттелгендігін айтуға болады. Әрбір мақалада басқа макалаларға сілтеме жасау арқылы макалалардың арасындағы мағыналық (семантикалық) өзара себеп-салдарлық байланысты көрсеткен. Мысалы, «Айғырдың жалын майлау» атты ғұрыптық ұғымға (тақырыпқа) арналған мақалада «Бие байлау», «Май» және «Майлау» деген макалаларға сілтеме жасалады. Бұл сілтемелер «Айғырдың жалын майлау» ғұрпының (ритуалының) мәнін толық түсіну үшін соңғы үш мақаламен де жете таныс болу керек дегенді білдіреді. «Бие байлау», «Май»,

арқылы басқа макалалармен де жете танысуға мүмкіндік алады.

Энциклопедияда макалалардың тақырыптары болған терминдер «категория», «ұғым», «атау» деп жіктеледі (belineidi). Осыған байланысты макалаларды да ауқым мен концептуалдық-теориялық мән-мазмұны жағынан «категориялық», «ұғымдық», «атаулық» деп үш топқа бөлуге болады. Біріншісі — категориялық мәнді макалалар дәстүрлі қазақы ортада «Адам-Қоғам-Табиғат» сынды ұлы триаданың әрқайсысына және олардың арасындағы байланыс жүйесіне қатысты жалпыэтникалық мәнді құрылымдық хәм функционалдық болмысын, қасиеттерін білдіретін терминдерді талдаған макалалар («ел», «жүз», «қауым», «ру», «жер», «су», «мал», «кісі», «обал», «арам», «адал», «сауап» және т.б.). Ал тұлғалық, статустық, физикалық, биологиялық сияқты тағы да басқа толып жатқан жалқы («жеке») қасиетті, күйлі білдіретін ұғымдарға арналған макалалар екінші топты құрайды (мысалы, «би», «болыс», «бай», «құда», «құдағи», «жайлау», «қыстау», «күзеу», «көктеу», «жер тарту», «ас-

бергендігіне ерекше назар аударалы (мысалы, қазақтың Кіші жүзінін құрамындағы «Табын» да, одан тарайтын «Көсеу» де, «Таракты» да, «Шөміш» және осылардың ұрпақтары болып саналатын бірлестіктердің әрқайсысы да рудеп атала береді деген сияқты). Алайда осындай халықтық этимологияның әсерінен де, Қазақстан тарихнамасындағы қажет методологиялық дәстүрдің жоқтығынан да қазақ руының әлеуметтік және институционалдық, тіпті, генеалогиялық табиғаты әлі күнге дейін шешілмеген ірі проблемалардың қатарына жатады, — дейді автор. Осыған байланысты ол аталмыш мақаласында өз шешімін ұсынады. Оның дәлелді пікірінше, дәстүрлі қазақы ортада тек тамыры жетініш аталан Бергі ұрпақтарды біріктіретін экзогамиялық құрылымды (бірлестікті), яғни «жетіатаны» ғана ғылыми тұрғыдан ру деп қарастыру қажет. Себебі, қазақ қоғамында айырықша реттеуші және ұйымдастырушы роль атқарған рулық-туыстық қатынастың ең басты тоғысқан торабы осы «жетіата» болды. Осы жайтқа байланысты, Нұрсан Әлімбайдың ден қоярлық пікірінше,

«жетіталық» құрылым ғана бүкіл қазақ этносы ауқымындағы «өз жұрты», «қайын жұрты» және «нағашы жұрты» деп аталатын туыстық жүйенің үш торабының ұдайы пайда болып, қалыптасу функция атқарып отыруының да бірден-бір мүмкін кеңістігі болды (*атамыш үштік туыстық жүйенің куәлі қазақ этносының тұтастығын қамтамасыз етіп отырудағы ерекше рөл энциклопедияның басқа тиісті мақалаларында зерделенді*).

Расында да, жетіталық құрылымда, ең алдымен, ер адамдардан тараған ру адамдары өзара қандас туыс болып есептелінеді (*әлі күнге дейін солай*). Сондықтан да, жетіатаның, яғни, жеті ұрпақтың ішінде өзара қыз алысып, қыз берісуге қатаң тыйым салынатын дәстүрлі қазақ қоғамында осы экзогамиялық тыйымды бұзғандар билер сотының үкім-кесімімен өлім жазасына кесілетін. Жетіата танымының қыз алып, қыз беруде бүгінгі күні де қатаң сақталуы қазақ халқының генефонының мықтылығын мойындатады.

Көшпелі қазақ қоғамында ерекше рөл атқарған рулық сананың да қалыптасып, сан салалы әрі сан деңгейлі функция атқаратын бірден-бір әлеуметтік кеңістігі де, түптеп келгенде, осы жетіталық құрылым болды. Өйткені рулық сана жетіатаның әрбір мүшелерін біріктіретін аса күшті идеологиялық

функциясының кепілі болды. Сан алуан мәліметтерге негізделген осындай пікірін Нұрсан Әлімбаев әрі қарай былай деп қорытындылайды: дәстүрлі қазақы ортада рулық-туыстық байланысты қауымдық-социумдағы басқа байланыстар жүйесінен әлі де болса советтік ұстанымда жүрген зерттеушілер сияқты бір-бірінен бөліп қарастыруға мүлдем болмайды. Анығында, көшпелі қауым-социумның құрылымы рулық-туыстық, әлеуметтік, экономикалық, институционалдық сынды байланыстардан тұрады, яғни, бірінғай қатынастар жүйесін құрайды. Нұрсан Әлімбаевтың қисында пікірінше, рулық шежіре болса, ол көшпелілердің тіршілігінің ең басты әрі бірден бір мүмкін әлеуметтік кеңістігі болып табылатын жетіталық құрылым – рудың демографиялық шегі мен әлеуметтік шекарасының нәтижесінде институционалдық қауқарының тарихнамалық және идеологиялық негіздемесі функциясын атқарады.

Автордың қазақ руының, яғни жетіталық құрылымның қауым-социум ретінде функция атқарғандығы жөніндегі осы көзқарасын методологиялық жағынан да, деректік базасы тұрғысынан да концепция ретінде қарастыруға болады. Тың, яғни бұрын ғылымда еш уақытта көтерілмеген осындай концепцияға негізделген бұл мақала,

құрылымның пайда болуын бұған дейінгі зерттеушілер айтып жүргендей, қазақ халқының үшке бөлінуінің оқиғасы ретінде қарастыруға мүлдем болмайды. Өйткені XVI – XVII ғасырлардың шендескен кезеңінде өзінің институционалдық қауқарынан айрылған ұлыстық жүйеден кейін пайда болған үш жүздік жүйе – өзінің ландшафттық және климаттық болмысымен дараланатын ұланқайыр қазақ өлкесінің табиғи ресурстарын мейлінше тиімді игеруге бағытталған құрылым. Яғни қазақ этносы үшін көшпелі тіршілік жағдайындағы аталмыш кезеңде орныққан жаңа тарихи контекстке байланысты өзін-өзі ұйымдастырудың мүлдем жаңа әрі тиімді институционалдық-ұйымдық формасы болды. Олай болса, үш жүздік құрылым қазақ халқы бөлінуіне өкелген жоқ. Керісінше, аталмыш үштік құрылымды жоғарыда аталған факторларға байланысты қазақ этносының одан әрі өзара ұйыса түсуінің аса көрнекті мысалы ретінде қарастыруға жөн, дегенге саяды автордың қорытынды ой-тұжырымы. Демек автор бұл ретте жүзге байланысты зерттеудің мүлдем тың концептуалдық жолын ұсынып отыр.

Тағы бір көрнекті мысал. Энциклопедияның 2-томында (*Г-3*) көшпелі қазақтар үшін аса маңызды табиғи объект – «Жайылым» атты біршама көлемді мақала берілген (285-295 б. Авторлары Нұрсан Әлімбаев, Нұрғелді Уәли). Мақаланың мазмұны көшпелі ортада жоғарыда айтылған «Адам-Қоғам-Табиғат» атты триаданың арасындағы өзара байланыстар жөнінде түсінік алуға мүмкіндік береді. Мысалы, мақалада жыл он екі айдың әрбір маусымдық кезеңінде («жаз», «күз», «қыс», «көктем») көшпелілердің жайылымды тиімді пайдалануының дәстүрлі технологиясы қажетті материалдарға негізделініп, талданылады. Ал, бұл технология көшпелілердің ежелден орныққан экономикалық, экологиялық, мәдени, ветеринарлық, астрономиялық, биологиялық, ботаникалық сияқты тағы басқа да сан алуан білімдері мен іс-әрекеттері тоғысқан сан ғасырлық тәжірибе болып табылады.

Авторлардың дәлелді пікірінше, қыстаудан көктеуге, көктеуден жайлауға өріс қуалап қоныс аудару ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіппен жүзеге асады. Мақалада өріс қуалап жайылым аударып мал есіру, түптеп келгенде, жерді тоздырмаудың ең басты экологиялық тәсілдері ретінде бағалануы өте орынды. Осы және осы сияқты басқа да сан алуан әдіс-тәсілдерді көшпелі қоғам мен табиғи ортаның арасындағы қажетті экологиялық балансты сақтаудың басты кепілдерінің бірі деуге де болады. Бұл ретте малшы да, егінші де, ең алдымен, халықтың дәстүрлі астрономиялық біліміне сүйенеді. Мысалы, Үркер жұлдызы батпай, ел жайлауға көшпейді, биелердің үйіріне айғыр салмайды, қой қырықпайды. Сондай-ақ, түейін жүнін алу (*бұл операция «түйе жүндеу» деп аталады*), күзем жүнді қырку, қошқарға құйек байлау, одан құйек ағыту сияқты шаруашылық ұйымдастыру тек есепшілердің айтқанына орай жүргізіледі. Осы ретте айта кететін жайт – ай, жұлдыз, күн сияқты аспан шырақтарының мезгілдік қозғалысына және орналасуына қарап болжам жасайтын адамды есепші деп атаған. Мұндай есепшілер өздері жасаған «Үркер тоғысы» деп аталатын ерекше шаруашылық календарь

(*күмітзе*) жүйесін қолданып отырды (*қ. Есенші // 2-том, Г-3, 197-198 б. авторы Нұрғелді Уәли; Үркер тоғысы // 5-том, II-Я, 579-582 б. авторы Нұрғелді Уәли*).

Сондай-ақ, оқырман жайылым туралы түсінігін осы мақаладағы сілтемелер арқылы басқа мақалаларды оқып, толықтыра алады (мысалы, «қыстау», «көктем», «жайлау», «күзеу», «жылқы», «қой», «түйе», «сиыр», «ешкі» және т.б.). Энциклопедияда жоғарыда аталған халықтық білім салаларының экологиялық, шаруашылық-экономикалық, ғырыптық, коммуникативтік функцияларына көптеген мақалалар арналған. Мұндай мақалалардың мазмұны көшпелілердің дәстүрлі білім жүйесінің үй тұрмысын да, шаруашылықта да тиімді ұйымдастыруда айрықша роль атқарғандығын айғақтайды. Сайып келгенде, халықтық білімді, Нұрсан Әлімбаев айтқандай, көшпелі қазақтардың Орталық Азияның климаты мен жергілікті ландшафттың аса қатал ерекшеліктеріне сан ғасырлық бейімделу стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде бағамдаған ләзім.

Сонымен, қазақ ғалымдары жарыққа шығарған бұл ғылыми энциклопедияның танымдық және ғылыми маңызы үлкен екендігі даусыз. Әсіресе, мақалалардың басым көпшілігінің жаңа деректердің негізінде жазылғандығы ерекше назар аударлады. Расында, кез келген оқырман энциклопедияның деректік негізінің мол екендігіне көз жеткізе алады. Ең алдымен, бұл басылымда қазақ этнографиясына қатысты архив материалдарына басқа, XX-ғасырдың бірінші он жылдығына дейін жарық көрген орыстың статистикалық, тарихи, этнографиялық мәліметтері жан-жақты талданылған. Сондай-ақ, энциклопедияда мол пайдаланылған әртүрлі фольклорлық, лингвистикалық және этноло-ғалымдардың әр жылдары ел арасынан жинаған сан алуан деректері, сөз жоқ, мақалалардың тағы бір ұтымды жағы болып табылады. Әсіресе, энциклопедияда XIX – XX-ғасырдың 20-30-жылдарына жататын мазмұны этнографиялық сан алуан көркемсуреттерді, фотолардың нәтижесінде жиналған мақалаларға айрықша нақтылық әрі көрнекілік береді.

Қазақ этнографтары, тарихшылары, тіл мамандары бірлесіп шығарған бұл энциклопедия түркі тілдез халықтар әлеміндегі алғашқы зор қалам деуге болады. Атажұртымыздан шыққан айтулы еңбек Түркиядан жарық көретін Халықаралық басылым «Ұлттық фольклор», «Мемлекет тарихы зерттеуші» журналдары арқылы әлем елдеріне танытуы – бауырлас мемлекеттік қазақ халқына деген ыстық ықпалы. Осы төрзіді түркілік аймақтар бойынша этнографиялық мазмұндағы салалық энциклопедияларды өзге де түркі елдері қолға алып, жарыққа шығып жатса, өрине, құба-құп болар еді. Мұндай іргелі ғылыми еңбектер түркі халықтарының мәдени-этникалық түп-тамырын, одан тарайтын ортақ этномәдени құбылыстар мен материалдық игіліктерді, сондай-ақ әрбір түркі тектес халықтың дүниетанымын, әдет-ғұрып, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін, экологиялық мәдениетін жан-жақты тануға мүмкіндік беретіні хақ. Мұндай ғылыми-танымдық, тіпті, саяси-идеологиялық тұрғыдан да құнды еңбек Әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алуға өбден лайық деп санаймын.

ҚАЗЫНАСЫ

және әлеуметтік-психологиялық фактор ғана емес, сонымен бірге, осындай рулық сананың аса қуатты әсерімен рулық-туыстық қатынас шаруашылық және институционалдық функцияларды атқарды (мысалы, көшпелі қоғамдағы сан алуан күрделі еңбек операциялары «асар», «жылу», «көлік майы», «сауын», «немеурін» деп аталатын рулық-туыстық байланыстың институттары арқылы жүзеге асырылып отырды).

Автордың ойынша, осы рулық жетіталық құрылымды ғана қауым-социум (*қоман*) ретінде қарастыра албай. Өйткені бұл құрылым, шынтығында, көшпелілердің өзін-өзі ұйымдастырудың басты формасы болды. Себебі, – дейді ол, – осы «жетіатаның» ғана дербес шаруашылық-экономикалық жүйесі, территориясы, билер, сұлтандар, бағырлар нәм діні ұстаным иелері – молдалар, билер соты, билер кеңесі, рубасы сынды реттеу және басқару институттары да, өзіндік атауы да болды. Осы ретте, жетіатаның, әсіресе, табиғи ресурсты тиімді пайдалануға аса қажетті демографиялық оптимумы болғандығын ерекше атаған жөн (*әрбір жетіатаның мүшелерінің жалпы саны 5000-5500 аралығын құрайды*). Демек жетіата-ру қауым (яғни көшпелілердің өзін-өзі ұйымдастырудың ең басты институционалдық формасы) ретінде социумдық функция атқарды. Яғни «жетіата» деп аталатын руды социум ретінде де қарастыру қажет. Бірақ бұл жайтты рулар (*қауым-социум*) арасындағы сан алуан және сан деңгейлі байланыстардың рөлін жоққа шығару деп түсінуге болмайды. Керісінше, руаралық билер кеңесі, билер соты, ақсақалдар кеңесі сияқты институттар арқылы реттелініп отыратын бұл ру-қауымаралық байланыстар жүйесі әрбір рудың тиімді

сөз жоқ, көшпелі қоғамдағы сан салалы, сан деңгейлі әлеуметтік қатынастың механизмін түсінуге үлкен септігін тигізеді хақ.

Энциклопедиядағы ерекше көңіл аударарлық тағы бір мақала күні бүгінге дейін ғылыми дау-дамай туғызып жүрген үш жүздік құрылымға арналған. Осы мақаладағы өзара себеп-салдарлық байланыстың екі аспект жөнінде қысқаша болса да арнайы айта кеткенді жөн көріп отырмын. Біріншісі – жүздік құрылым арасындағы сан деңгейлі, сан салалы қатынастар жүйесінің реттелу механизмінде «үлкен ұл > ортаншы ұл > кіші ұл» атты «емшектез арағын» принципіне негізделген генеологиялық ұстанымның айрықша функция атқарғандығы арнайы зерттелген. Расында да, руаралық деңгей немесе жузаралық қатынастар жүйесінде де әртүрлі күрделі де, іргелі мәселелерді (*мысалы, «жесір дауы, жер дауы» деген сияқты*) реттеуге байланысты ұйымдастырылатын билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі немесе билін билігі (билер соты) сынды үш жүздің игі жақсылары бас қосқан алқалы мәжілістерде аталмыш генеологиялық ұстанымның қатаң сақталып отырғандығын энциклопедиядағы көптеген мәліметтер, соның ішінде әртүрлі нұсқадағы шежірелік қисындар да, айшықты айғақтайды. Екіншісі – аталмыш мақаланың авторы Нұрсан Әлімбаевтың дәлелді ой-тұжырымына сөйкес, үш жүздік «құрылымды белгілі шаруашылық-мәдени типі концепциясы тұрғысынан көшпелілердің тіршілікке жүйесін саяси-ұйымдық, территориялық-шаруашылық, территориялық-экологиялық принциптер бойынша тиімді ұйымдастыруға бағытталған институционалдық жүйе» ретінде қарастыра алмаймыз. Демек үш жүздік